

Мусабекова Айнаш Орикбаевнаның «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі: әдіснамалық негіздері, даму үрдістері мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының біріні сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылыми дамудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертация Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі үйлестіретін іргелі ғылыми бағдарламалар аясында атап айтқанда, «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесін жаңғырту контекстінде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын жандандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру механизмдерін әзірлеу» тақырыбындағы гранты бойынша орындалған 2021-2024 жж. Тіркеу нөмірі: AP14871920.
2.	Ғылым маңыздылығы үшін	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ұсыныстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранты бойынша жүзеге асырылатын қолданбалы зерттеу тақырыптарының бір бөлігі болып табылады
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыста дербестік принципі сақталған. Зерттеу жұмысы тақырып аясында ізденушімен ғылыми жетекшілердің кеңестерін ескере отырып, өз бетінше орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыста ішкі бірлік принципі сақталған. Материалдың

		<p>1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>мазмұны мен баяндалуы жүйелі түрде құрылымдалып, бірізділікпен ұсынылған. Диссертация мәтінінде ішкі қайшылықтар анықталмаған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оның ғылыми мазмұнын жүйелі түрде ашады.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидаттары толық түрде өзара байланысқан, зерттеу мазмұнының бірізділігі мен жүйелілігін қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерде сыни талдау бар, соның негізінде олар қолданыстағы белгілі шешімдермен салыстырылып, ғылыми тұрғыда негізделіп бағаланады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері, қағидаттары мен қорытындылары толығымен жаңа ғылыми мазмұнға ие болып табылады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда ғылыми тұрғыда негізделген теориялық нәтижелер қамтылған, олардың жиынтығы толығымен жаңа ғылыми жетістік ретінде қарастырылады және Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі жүйесіндегі ғылыми бағыттарды</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b>  <b>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</b></p>	<p>дамыту үшін маңызды болып табылады.</p> <p>Бұл жұмыста ұсынылған техникалық, технологиялық және басқарушылық шешімдер толығымен жаңа және ғылыми тұрғыда негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды эмпирикалық және теориялық дәлелдемелерге негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b>  <b>2) шамамен дәлелденді;</b>  <b>3) шамамен дәлелденбеді;</b>  <b>4) дәлелденбеді;</b>  <b>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</b></p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p><b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ;</b>  <b>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ;</b>  <b>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</b></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p><b>1) тар;</b>  <b>2) орташа;</b>  <b>3) кең</b>  <b>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</b></p>	<p>Тұжырым 1:</p> <p>Әйелдер кәсіпкерлігінің ілімдік-әдіснамалық негіздері мен эволюциялық даму кезеңдері жүйеленіп, гендерлік экономика мен инновациялық менеджменттің өзара байланысын айқындайтын жаңа теориялық-концептуалдық тәсіл ұсынылды.</p> <p>7.1 дәлелденді  7.2 жоқ  7.3 ия  7.4 кең  7.5 ия</p> <p>Тұжырым 2:</p> <p>Әлемдік тәжірибе негізінде әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық модельдерінің типологиясы жасалып, олардың Қазақстан жағдайында бейімделу және трансформациялану бағыттары ғылыми тұрғыда негізделді.</p> <p>7.1 дәлелденді  7.2 жоқ  7.3 ия  7.4 кең  7.5 ия</p> <p>Тұжырым 3:</p> <p>Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін библиометриялық талдау негізінде</p>

		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>библиометриялық ғылыми картасы ұсынылды.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия</p> <p>Тұжырым 4: Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын әдіснамалық және институционалдық факторлар жүйеленді, олардың өзара ықпалы эконометрикалық модельдеу арқылы дәлелденді.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия</p> <p>Тұжырым 4: Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктерін жетілдірудің кешенді моделі әзірленді, ол мемлекеттік саясат, қаржы институттары мен жеке сектор синергиясына негізделіп, әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияда ғылыми-техникалық әдебиеттерге сыни талдау жүргізуге негізделген кешенді зерттеу әдісі қолданылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жүйелік және институционалдық талдау әдістерін, сондай-ақ VOSviewer бағдарламасы негізінде библиометриялық талдауды, салыстырмалы, статистикалық және эконометрикалық талдау әдістерін қолдану арқылы алынған.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Теориялық тұжырымдар, әзірленген модельдер, айқындалған өзара байланыстар мен заңдылықтар жүргізілген эмпирикалық және теориялық зерттеулер нәтижелері арқылы ғылыми тұрғыда жан-жақты негізделіп, дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Жұмыста келтірілген маңызды ғылыми тұжырымдар заманауи әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге негізделе отырып расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз.</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған дереккөздердің барлығы жұмыс мәтінінде тиісті сілтемелер арқылы көрсетілген. Сонымен қатар зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу толық және жеткілікті деңгейде жүргізілген.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертация статистикалық деректерге негізделген және теориялық тұрғыдан маңызды ғылыми нәтижелерді қамтиды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу нәтижелерін әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға арналған білім беру және кәсіби даярлау курстарында, іскерлік кеңес беру жүйесінде, сондай-ақ әлеуметтік жобалар мен қолданбалы зерттеулерді іске асыруда тиімді қолдануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу нәтижесінде ұсынылған практикалық ұсынымдар толығымен жаңа ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленіп, ғылыми тұрғыдан негізделген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа;</p>	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары сапада жазылып, талаптарға сәйкес рәсімделген.</p>

		3) орташадан төмен; 4) төмен.
11.	Диссертацияға ескертулер	Ұсынылған жұмыстың айрықша артықшылықтарымен қатар оның кішігірім кемшіліктерін де атап өткен жөн: - Диссертацияның жекелеген бөлімдерінде теориялық материалдардың шамадан тыс берілуі байқалады, бұл зерттеудің қолданбалы бағыттылығын біршама төмендетеді; - Жұмыста жекелеген стилистикалық және терминологиялық дәлсіздіктер кездеседі, алайда олар зерттеудің жалпы ғылыми құндылығына әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертациялық зерттеу нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланып, жоғары ғылыми деңгейін көрсетеді. Зерттеу барысында 12 ғылыми еңбек жарық көрген, оның ішінде уәкілетті комитет ұсынған журналдарда, халықаралық конференциялар материалдарында және Scopus деректер базасындағы басылымда мақалалар жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Мусабекова Айнаш Орикбаевнаның «Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі: әдіснамалық негіздері, даму үрдістері мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы теориялық тұрғыдан негізделген, әрі тәжірибелік маңызы бар нәтижелерді қамтитын аяқталған ғылыми-білікті еңбек болып табылады. Ұсынылған диссертациялық жұмыс «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға толықтай сай, ал оның авторы Мусабекова Айнаш Орикбаевнаға көрсетілген дәрежеге лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің  
Х.Д. Чуринов атындағы «Менеджмент және агробизнесі  
ұйымдастыру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры,  
академиялық мәселелер жөніндегі  
департамент директоры, э.ф.к., доцент



С.С. Бактымбет

**РАСТАЙМЫН**  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу  
университетінің ғылыми кеңесінің хатшысы  
*А. Селік* «05» 06 2026 ж.

